

**Аймагамбетов, Е. Б.**

**Ұлт жоспары. Бұл - Жолдау мен реформа алдындағы жауапкершілік.**

[Текст] / Е. Б. Аймагамбетов // Егемен Қазақстан. - 2016. - №133. - 2 б.

## **ҰЛТ ЖОСПАРЫ**

### **Бұл – Жолдау мен реформа алдындағы жауапкершілік.**

**Ерқара АЙМАГАМБЕТОВ,  
экономика ғылымдарының  
докторы, профессор,  
Қазтұтынуодағы Қарағанды  
экономикалық университетінің ректоры**

Мемлекет басшысының

«100 нақты қадам» Ұлт Жоспары қазақстандықтарды әлемдік деңгейде білім мен біліктілікке, бәсекелестікке дайын болуға шақыратын құнды құжат. Аталған реформаның ел ішінде бірден қолдау тауып, халықтық реформа ретінде қабылдануы оның мән-маңызын ерекшелей түседі.

Жалпы, Ұлт Жоспары мен Елбасы Жолдауы арасындағы өзара байланыс пен бір-бірін толықтырып тұрған сабактастық бүгінгі күн шындығы тұрғысынан анық байқалады. Бұл екі маңызды құжаттың көздеңген мақсаты да бір: дағдарысты еңсеріп, әлемнің дамыған 30 елінің қатарына қосылып, шын мәніндегі Мәңгілік Ел болу.

Мемлекетіміздің тарихи тәжірибесінің көп еместігіне қарамастан, еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тиімді әрі көрегендік басшылығының арқасында қалыптасқан Тәуелсіз Қазақстанның дағдарыска қарсы стратегиясы өте салмақты болып саналады. Және қазіргі дағдарысты еңсеру, Жолдауда қоғамды топтастыру, біріктіру үшін жағдай жасау және әлемнің дамыған елдерінің клубына кіруді жүзеге асыру үшін орнықты негіз жасау болып көрсетілген.

Мемлекет басшысы елдің жоғары оқу орындары Жолдау міндеттерін жүзеге асыруға атсалысуы қажеттігін атап етіп, дағдарыска қарсы және құрылымдық өзгерістердің бес бағытын дәл айқындал берді.

Бірінші бағыт бойынша, елдің ЖОО-лары үшін, экономиканы долларсыздандыру құралдарын кеңейту арқылы ұлттық қаржы-несие жүйесін

тұрақтандыруға қол жеткізуді, халықтың қаржылық сауаттылығын әрі қарай дамыту іс-шараларын жүзеге асыруды негізгі міндеттер ретінде айқындауға болады. Бұл ретте ЖОО-лар базасында, нарықтың және халықтың бүкіл жіктерінің ұлттық валютамыз тенге мен оның реттеуіші Ұлттық банкке деген сенімін қайтарып, оны әрі қарай нығайту бойынша қаржы-несие ұйымдарымен және жергілікті кәсіпкерлермен бірлескен іс-шаралар іске асырылуы қажет.

Екінші бағыт—ол салық жүйесін реформалау және мемлекет-жекеменшік әріптестігі тетіктерін енгізу негізінде, бюджеттік саясатты әрі қарай оңтайландыру. Бұл бағытта ЖОО-лар, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесе отырып, отандық кәсіпкерлік жүйесі үшін салық жүйесін реформалаудан алуды мүмкін пайдаларды кеңінен көрсетуі тиіс. Өйткені, қосылған құн салығының (ҚҚС-тың) орнына сатудан түсетін салықты енгізуден, сатып алған бағасын қайта көтеріп сататындар емес, бірінші кезекте, атап айтқанда, түпкі өнім өндіретін өндіруші кәсіпорындар ұтады. Одан бөлек, аталмыш реформа «көлеңкелі экономиканы» жарыққа алған шығуға бағытталған, сондай-ақ, бұл жаңа жаһандық ахуал жағдайларында бәсекелесуге дайын, қазіргі заманға сай ұлттық кәсіпкерлікті қалыптастырудың негізгі жағдайы болып саналады.

Қазіргі жағдайларда экономикада тауарлардың негізгі түрлері бойынша халық шаруашылығы және заттай-құндық, салааралық баланстар, халықтың ақшалай кірістері мен шығыстарының баланстары, еңбек ресурстары мен негізгі құралдар баланстары жүйесін, ағымдағы жағдайды б ғ а л а у д ы ң ә д і с т е р і м е н модельдерін және келешекке нұсқалық есептеулерді, сондай-ақ, бол жау мен стратегиялық бас қару және жоспарлау үшін құралдар жиынын қалпына келтіру басымдыққа айналады. Олар бізге экономиканың өсу серпінін, төлем балансының негізгі көрсеткіштерін, ақша массасы мен инфляцияның шамасын өте дәл болжауға мүмкіндік береді.

Әлі күнге дейін экономикалық тәжірибеде, электр қуатына бағаны 1%-ға өзгерту, өндіріс тиімділігін, бюджет кірістерін және т.б. төмендетуді қоса алғанда, экономиканың бүкіл қалған салаларына қалай әсер ететінін өте дәл санауға мүмкіндік беретін, ірілендірілген номенклатурадағы сала аралық баланс сияқты экономиканың сенімді және тиімді құралы қолданылмайды. Осы құралды білмеу немесе қолданбау салдарынан терең ойластырылмаған шешімдер қабылданады, қорытындысында бағаның өсуіне елеулі әсер етеді.

Осымен байланысты Қазақстан өнірлерінің бюджеттік саясатын әрі қарай оңтайландыру шенберінде, біз өнірдің сала аралық балансын жасауды ұсынып отырмыз, ол бойынша өнірдің кірістері мен шығыстарының негізгі ағындарын қадағалауға болады. Және осы ағындардың негізінде өнір үшін мол табыс әкелетін экономика саласын, сондай-ақ, өнір өзінің табыстарын жоғалтатын экономика саласын анықтауға болады.

Біз тұтыну сұранысын ынталандырудың экономикалық әдістерін жетілдіруіміз қажет. Атап айтқанда, жұмыспен қамтитын және оны арттыратын, сондай-ақ, отандық өндірістің өсімін және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ететін өнімге деген сұранысты ынталандыру

керек. Мысалы, ауылшаруашылық өнімдерін өндірудің өсімін ынталандыра отырып, біз, қайта өндеу, машина құрастыру, көлік, сауда сияқты артта жүруші салалардың өсуі мен дамуы үшін экономикалық негіз жасаймыз. Ал елде тұрақты азық-түлік секторының болуы әлеуметтік тұрақтылыққа кепіл болады. Ол туралы Президент Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауында нақты көрсетілген, бұл тұргын үй құрылсына да қатысты.

Осындай баланс жасау үшін оған Қазақстанның маман дандырылған ғылыми-зерттеу институттары мен ЖОО-лары қатыстырылуы тиіс.

Жаңа экономикалық қатынастар қалыптасқан, ал оның экономикасы әлемдік қауымдастыққа барған сайын көбірек ықпалдаса түскен қазіргі Қазақстанда, мемлекет-жекеменшік әріптестігін толыққанды енгізуге қатысты айтатын болсак, онда құрылымдық өзгерістердің және мемлекет пен жеке сектордың неғұрлым тығыз өзара іс-қимылсының аса қажеттілігі көптен бері пайда болды деп айтуға әбден болады. Мемлекет пен жеке бизнестің өзара іс-қимыл жасауға деген жоғары қызығушылығы, көптеген елдерде оның, мемлекет пен жеке сектордың ресурстарын біріктіру жолымен ірі әлеуметтік және экономикалық проблемаларды тиімді шешуге мүмкіндік беретіндігімен түсіндіріледі.

Олардың капиталды қажет етуі мен ұзақмерзімділік себебі бойынша ағымдағы қаржылық инвестициялық дағдарыс жағдайларындағы бюджеттік шектеулер, көптеген инвестициялық жобаларды жүзеге асыру бойынша республикалық және жергілікті бюджеттердің мүмкіндіктерін қайта қарау міндетін алдыға қояды.

Осы бағыттарда Қазақстанның экономикалық жоғары оқу орындарын тарта отырып, мемлекет- жекеменшік әріптестігінің әлеуетті қатысушыларын анықтау ар қылыш, мемлекет-жекеменшік әріп тестігін дамытудың ғылыш міндеттіліктерінде өзірлеуден кейін ғылыммен әзірленуі тиіс.

Үшінші бағыт бойынша, жекешелендіруді дамытуда және экономикалық бәсекені ынталандыруда, ЖОО-лардың алдына бәсекеге қабілетті ұлттық бизнесі қалыптастыруға белсене қатысу міндеті қойылды. Жолдауда атап көрсетілгендей, «Нарықтық экономика – ол күштілер бәсекесі». Ағымдағы жағдайларда белсенді және күшті ойыншы болу үшін, бизнес-ортаның өкілдері өз күші мен мүмкіндіктерін университеттермен және ғылыммен біріктіруі қажет. Дамыған елдердегі университеттер – ол инновацияларды жеткізушилдер ғана емес, сонымен бірге оларды коммерцияландырудағы және нарыққа шығарудағы негізгі қатысушылар. Сондықтан, Қазақстанның жетекші экономикалық университеттері базасында өнірдің шаруашылық жүргізуши субъектілері үшін дағдарысқа қарсы консультациялар орталықтарын құру қажет. Экономиканың, маркетингтік және экономикалық зерттеулердің ағымдағы конъюнтуралық циклін сараптамалық бағалау негізінде, дағдарыс жағдайларында жана өткізу нарықтарын іздеуде және бәсекеге қабілеттілікті арттыру стратегияларын әзірлеуде, яғни нақты іс-шаралар қабылдауда, өнірдің кәсіпорындарына, кәсіпкерлер мен жергілікті атқарушы органдарға ақыл-кеңес беруге болады.

Төртінші бағыт – жаңа инвестициялық саясат негіздерін қалып тастыру, Қазақстанның жоғары оқу орындары жүйесінің алдына аса зор міндеттер қояды. Республикада және өңірлерде қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру, инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру және отандық өндірушілердің экспорттық әлеуетін көңейту міндеттерін, қажетті ғылыми негіздемелерсіз жүзеге асыру мүмкін емес. Индустриялық- инновациялық даму үшін кадрлар даярлау жүйесін дамыту, ЖОО- лар ортасы үшін негізгі міндет болып саналады. Алайда, кадрлар даярлау мәселелері әрбір өнірде тиісті еңбек ресурстарының балансын жасауды қажет етеді. Президент өзінің Жолдауында жастарды қай жерде еңбек ететін мамандықтар қажет, сол жерлерге барудан қорықпауға, жаңа, қажет ететін мамандықтарды менгеруге шақырды, ал біздің өнірлеріміз осындай ақпараттар беруге дайын ба? Сондықтан аталмыш бағытты жүзеге асыру шенберлерінде, университеттердің ғылыми әлеуетін пайдалана отырып, Қазақстанның әрбір өнірінде сол бойынша еңбек ресурстарына өнірлік еңбек нарығының қажеттіліктері бойынша және бірнеше жыл алдыға жасалған болжам мүмкіндіктері бойынша толық ақпарат алуға болатындей, өнірдің еңбек ресурстарының балансы сияқты ақпараттық құжат әзірлеу қажет.

Және бесінші бағыт – жаңа әлеуметтік саясат. Жоғары оқу орындары мен ғылыми интеллигенцияның әрбір өкілінің міндеті – сыртқы сілкіністерге орнықты, тиімді экономиканың нақты негізіне айналуға қабілетті, Қазақстанда Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамын құрудың зор болашағын халық арасында көнінен түсіндіру. Әсіресе, аталмыш бағыт, биылғы Жолдаудың негізгі тұжырымдары соларға арналған, қазақстандық жас ұрпақпен тікелей жұмыс жасайтын ЖОО-лар үшін маңызды болып саналады.

Қарағанды экономикалық университетінің ұжымы Мемлекет басшысының Жолдауда айтылған міндеттерін жүзеге асыруға дайын екенін атап өткім келеді. Оларды неғұрлым тиімді жүзеге асыру үшін біздер өзіміздің халықаралық әріптестерімізді тартатын боламыз. Бүгінгі күнге Қарағанды экономикалық университеті АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Қытай, Түркия, Оңтүстік Корея және т.б. сол сияқты әлемнің 22 елінің 100-ден астам университеттерімен орнықты байланыс орнатқан.

Біздің халықаралық әріптестерімізді қоса алғанда, университетіміздің бүкіл ғылыми инновациялық әлеуеті Мемлекет басшысы Жолдауының негізгі міндеттері мен «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарын орындауды жүзеге асыруға бағытталатын болады.